

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман, балық және аңшылық шаруашылығы комитетінің мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 25 мамыр N 637. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.02.10. N 198 қаулысымен. ~P000198

"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің жекелеген мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 5 наурыздағы N 206 P990206_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман, балық және аңшылық шаруашылығы комитеті туралы ереже;

2) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман, балық және аңшылық шаруашылығы комитетінің құрылымы;

3) Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман, балық және аңшылық шаруашылығы комитетінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі бекітілсін.

2. Облыстық өсімдік, жануарлар дүниесі және ерекше қорғалатын табиғат аумақтарын қорғауды, ұдайы өндіруді және пайдалануды мемлекеттік бақылау инспекциялары, қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес, қайта құру жолымен мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман, балық және аңшылық шаруашылығы комитетінің аумақтық органдары ретінде облыстық өсімдік және жануарлар дүниесін мемлекеттік бақылау басқармалары болып қайта ұйымдастырылсын.

3. Мыналардың:

1) "Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман, балық және аң шаруашылығы комитетін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 22 сәуірдегі N 382 қаулысының;

2) "Қарағанды облысында Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғат паркін ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 1 желтоқсандағы N 1212 P981212_ қаулысының 9-тармағындағы 2-тармақшасының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1999 жылғы
25 мамырдағы N 637 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің
Орман, балық және аңшылық шаруашылығы комитеті туралы
Ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман, балық және аңшылық шаруашылығы комитеті (бұдан әрі-Комитет) Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі құзыретінің шегінде арнайы атқарушылық және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ орман, балық және аңшылық шаруашылықтары, ерекше қорғалатын табиғат аумақтары, өсімдік және жануарлар дүниесінің өзге де объектілері саласында салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ведомство болып табылады.

Комитеттің аумақтық органдары - облыстық орман, балық және аңшылық шаруашылығы басқармалары, облыстық өсімдік және жануарлар дүниесін мемлекеттік бақылау басқармалары бар.

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің актілеріне өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сай жүзеге асырады.

3. Комитет мемлекеттік мекеменің ұйымдастырушылық-құқықтық

нысанындағы заңды тұлға болып табылады, өз атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрлері мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ заңдарға сәйкес банктерде шоттары болады.

Комитет азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

Егер Комитетке заңдарға сәйкес уәкілеттік берілген болса, онда оның мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарабы болуға құқығы бар.

4. Комитет өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңдарда белгіленген тәртіппен бұйрықтар шығарады, олардың Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында міндетті күші бар.

5. Комитеттің құрылымы мен штат санының лимитін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

6. Комитеттің заңды мекен-жайы: 473000

Астана қаласы, Абай даңғылы, 49.

7. Комитеттің толық атауы - "Қазақстан Республикасы Ауыл

шаруашылығы министрлігінің Орман, балық және аңшылық шаруашылығы комитеті" мемлекеттік мекемесі.

8. Осы Ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады.

9. Комитеттің қызметін қаржыландыру тек республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

Комитеттің өз функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысының кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуіне тыйым салынады.

Комитетке заң актілерімен табыс әкелетін қызметті жүзеге асыру жөнінде құқықтар берілген жағдайда, мұндай қызметтен түскен табыс республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Комитеттің негізгі міндеттері, функциялары
және құқықтары

10. Комитеттің негізгі міндеттері:

1) орман шаруашылығы, балық және аңшылық шаруашылығы өндірісінде, ерекше қорғалатын табиғат аумақтарының жұмыс істеуі мен дамуы мәселелерінде мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

2) өзінің қарауындағы орман, балық, аңшылық және жануарлар дүниесінің, ерекше қорғалатын табиғат аумақтары ресурстарын күзету, қорғау, ұдайы өндіру, тиімді және сарықпай пайдалану саласында мемлекеттік басқару;

3) өзінің қарауындағы орман, балық, аңшылық және жануарлар дүниесінің, ерекше қорғалатын табиғат аумақтарының өзге де ресурстарының жай-күйіне, ұдайы өндірілуіне, қорғалуына, күзетілуіне, пайдаланылуына мемлекеттік бақылау жасау;

4) орман, балық және аңшылық шаруашылығының, ерекше қорғалатын табиғат аумақтарының мемлекеттік және өзге де бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

5) қоршаған ортаның тұрақтылығын сақтау мен оны жақсарту мақсатында республика орман алабын және ресурстық әлеуетін арттыру;

6) өсімдік, жануарлар дүниесінің, ландшафттардың үлгілік, бірегей және сирек түрлерін, биологиялық алуан түрлілігін сақтау жөніндегі жұмыстарға қатысу;

7) ормандардың, балық және аңшылық ресурстарының өнімділігін молайту;

8) орман, балық және аңшылық шаруашылығын, ерекше қорғалатын табиғат аумақтарын әдістемелік, ғылыми және жобалау тұрғысынан қамтамасыз ету болып табылады.

11. Комитет заңдарда белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) өз құзіретіндегі мәселелер бойынша нормативтік құқықтық актілер әзірлеуге қатысады;

2) мемлекетаралық экономикалық байланыстардың басым бағыттарын жасауға қатысады, орман, балық және аңшылық шаруашылығына, ерекше қорғалатын табиғат аумақтарын дамытуға инвестициялар тартуға және пайдалануға жәрдемдеседі;

3) орман, балық және аңшылық өнімдері өндірісін тұрақтандыру мен ұлғайту жөнінде шаралар кешенін жүзеге асырады;

4) өз құзыретінің шегінде орман ресурстары мен жануарлар дүниесін пайдалану жөнінде шаруашылық, ұйымдастырушылық және рұқсат беру іс-шараларын жүзеге асырады;

5) Каспий теңізінің биологиялық ресурстарын сақтау және ұтымды пайдалану мәселелері бойынша Каспий жағалауы мемлекеттерінің балық шаруашылығын мемлекеттік басқару органдарымен өзара іс-қимыл жасайды;

6) өсімдік және жануарлар дүниесінің ресурстарын қорғау, ұдайы өндіру және ұтымды пайдалану жөнінде шаралар әзірлеп, жүзеге асырады;

7) өсімдік және жануарлар дүниесінің қорғалуына, ұдайы өндірісіне және ұтымды пайдаланылуына, ерекше қорғалатын табиғат аумақтарының жай-күйі

мен қызметіне мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

8) ормандарды өрттен, заңсыз кесуден және басқа орман заңын бұзудан қорғау, оларды зиянкестер мен аурулардан қорғау, браконьерлік пен күрес жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады;

9) орман ресурстарын ұдайы өндіру, қорғаныштық орман екпелерін құру, құмды жерлерді, эрозияға ұшыраған жерлерді және жайылымдық алаптарды ормандандыру, сондай-ақ ағаш тұқымы және орман питомнигі ағаш селекциялық істері жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады;

10) ағаштарды, екінші дәрежедегі орман материалдарын дайындау мен ұқсатуды, қосалқы және өзге де орман пайдалануды, ауылшаруашылығын дамытуды ұйымдастырады;

11) балық және аңшылық ресурстарын қорғауды, ұдайы өндіруді және ұтымды пайдалануды, сондай-ақ өз құзыретінің шегінде аңшылық пен балық аулау туризмін дамытуды қамтамасыз етеді;

12) ғылыми ұсынымдарды ескере отырып балық аулау және балықты ұдайы өндіру қызметін мемлекеттік реттеуді қамтамасыз етеді, балықтандыру, балықтың жаңа түрлерін жерсіндіру, мелиорациялық-техникалық және басқа іс-шаралар бойынша кешенді жұмыстарды ұйымдастырады;

13) өзінің қарауындағы мемлекеттік табиғат қорықтарының, мемлекеттік ұлттық табиғат парктерінің, мемлекеттік табиғат заказниктерінің және өзге де ерекше қорғалатын табиғат аумақтарының жұмыс істеуін қамтамасыз етеді, олардың желісін дамыту туралы ұсыныстар әзірлейді;

14) орман және аңшылық орналастыруды, орман қоры мен аңшылық жануарлар түрлерінің мемлекеттік есебін, орман мониторингін, мемлекеттік орман кадастры мен жануарлар кадастрын жүргізуді қамтамасыз етеді;

15) өзіне Қазақстан Республикасының заңдарымен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

12. Комитеттің негізгі міндеттерін іске асыруы және өз функцияларын заңдарда белгіленген тәртіппен жүзеге асыруы үшін:

1) өз құзыретінің шегінде нормативтік құқықтық актілер қабылдауға;

2) республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың мемлекеттік басқарушы

органы болуға, оларға қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функциясын жүзеге асыруға;

3) мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардан қажетті ақпараттарды сұратуға және алуға;

4) мемлекеттік меншікке жататын мүлікті пайдалануды жүзеге асыруға;

5) өз құзыретінің шегінде орман ресурстарын пайдалану көлемін

бекітуге;

6) орман, балық және аңшылық ресурстарын, сондай-ақ өз құзыретінің шегінде өсімдік пен жануарлар дүниесінің өзге де ресурстарын пайдалануға, рұқсат беруге және шарттар жасасуға;

7) жеке тұлғаларға аң аулауға құқық беретін аңшылық билетін беруге;

8) тиісті мемлекеттік органдарға:

ормандар мен жануарлар дүниесін шаруашылық пайдалану тәртібін орнату жөнінде;

түп тамырымен босатылатын ағаштың бағалары жөнінде;

балық және аңшылық ресурстарын пайдалануға арналған лимиттер мен квоталар жөнінде;

аңшылық шаруашылығын жүргізуге құқық беру жөнінде;

балық және басқа су жануарларын кәсіптік аулауға құқық беру жөнінде;

аңшылық алаптары мен балық шаруашылығы су айдындарын бекітіп беру жөнінде;

аңшылық қарулар мен оларға арналған оқ-дәрілерді әкелу мен әкетуге рұқсат беру жөнінде ұсыныстар енгізуге;

9) орман, балық және аңшылық ресурстарын, қорғауға, ұдайы өсіруге және ұтымды пайдалануға, ерекше қорғалатын табиғат аумақтарының жай-күйі мен қызметіне мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға;

10) орман, жануарлар дүниесі мен ерекше қорғалатын табиғат аумақтары туралы заң бұзушыларды жауапкершілікке тарту жөнінде жұмыстар жүргізуге;

11) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

3. Комитеттің мүлкі

13. Комитеттің жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады.

14. Комитетке бекітіліп берілген мүлік республикалық меншікке жатады.

15. Комитеттің өзіне бекітіліп берілген мүлікті өз бетінше иеліктен шығаруға немесе оған өзге тәсілмен билік жүргізуге құқығы жоқ.

Комитетке заңдарда белгіленген жағдайлар мен шектерде мүлікке билік жасау құқығы берілуі мүмкін.

4. Комитеттің қызметін ұйымдастыру

16. Комитетті Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Төраға басқарады.

Төрағаның оның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын екі орынбасары, оның ішінде біреуі бірінші орынбасары болады.

17. Комитет төрағасы Комитеттің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды және Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуы мен өз функцияларының жүзеге асырылуы үшін жеке жауап береді.

18. Төраға осы мақсатта:

1) өз орынбасарлары мен Комитеттің құрылымдық бөлімшелері мен

аумақтық органдары басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін белгілейді;

2) заңдарға сәйкес Комитеттің қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

3) заңдарда белгіленген тәртіппен Комитеттің қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолданады;

4) бұйрықтарға қол қояды;

5) Комитеттің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

6) мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда Комитеттің атынан өкілдік етеді;

7) заңдарға сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

5. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату

19. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1999 жылғы

25 мамырдағы
N 637 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі

Орман, балық және аңшылық шаруашылығы комитетінің
Құрылымы

Басшылық
Ормандарды тұрақты дамыту бөлімі
Балық ресурстары бөлімі
Аңшылық ресурстары бөлімі
Ерекше қорғалатын табиғат аумақтары бөлімі
Өсімдік және жануарлар дүниесін мемлекеттік бақылау бөлімі
Экономикалық болжау бөлімі
Ұйымдастыру жұмысы және құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1999 жылғы
25 мамырдағы
N 637 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
Орман, балық және аңшылық шаруашылығы комитетінің
қарамағындағы ұйымдардың
Тізбесі

Зайсан-Ертіс балық қорын қорғау және балық аулауды реттеу
жөніндегі бассейндік басқармасы

Іле-Балқаш балық қорын қорғау және балық аулауды реттеу жөніндегі
бассейндік басқармасы

Жайық-Каспий облысаралық балық қорын қорғау және оларды ұтымды
пайдалану жөнінде басқарма

"Охотзоопром" өндірістік бірлестігі

Алакөл мемлекеттік табиғат қорығы

Алматы мемлекеттік табиғат қорығы

Ақсу-Жабағылы мемлекеттік табиғат қорығы

Барсакелмес мемлекеттік табиғат қорығы

Батыс Алтай мемлекеттік табиғат қорығы

Қорғалжың мемлекеттік табиғат қорығы

Марқакөл мемлекеттік табиғат қорығы

Наурызым мемлекеттік табиғат қорығы

Үстірт мемлекеттік табиғат қорығы

Баянауыл мемлекеттік ұлттық табиғат паркі

"Көкшетау" мемлекеттік ұлттық табиғат паркі

"Алтын Емел" мемлекеттік ұлттық табиғат паркі

Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғат паркі

Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғат паркі

"Қызыл жиде" республикалық мемлекеттік табиғат қорғау мекемесі

Орман және орман-аңшылық шаруашылықтары, орман мелиорациялық
станциялары, орман-жеміс питомниктері

Атырау бекіре балық өсіретін зауыты

Жайық-Атырау бекіре балық өсіретін зауыты

"Қазақ өндірістік-жерсіндіру станциясы" республикалық
мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

<*>

"Жоғарғы Тобыл балық питомнигі" республикалық

мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

<*>

"Жезқазған балық питомнигі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

<*>

"Зеренді балық питомнигі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

<*>

"Қамыстыбас балық питомнигі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

<*>

"Қарағанды балық питомнигі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

<*>

"Қашыр балық питомнигі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

<*>

"Майбалық балық питомнигі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

<*>

"Петропавл балық питомнигі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

<*>

"Шардара балық питомнигі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

<*>

"Бұқтырма уылдырық шашу-өсіру шаруашылығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

<*>

"Қапшағай уылдырық шашу-өсіру шаруашылығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

<*>

"Шідерті уылдырық шашу-өсіру шаруашылығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

<*>

Қазақ мемлекеттік теңізде жүзу қауіпсіздігі және балық өнеркәсібі флотын порттық қадағалау инспекциясы

(Қазмембалықфлотинспекция)

Қазақ орман орналастыру кәсіпорны

Қазақ орманды қорғау және орман шаруашылығына қызмет көрсету авиация базасы

Алматы орман селекциялық орталығы

Көкшетау орман селекциялық орталығы

"Лавар" оқу-өндірістік селекциялық кәсіпорны

Қазақ мемлекеттік республикалық ағаш тұқымы мекемесі

Қазақ мемлекеттік орман шаруашылығын жобалау жөніндегі жобалау-ізвестіру институты (Қазгипроорманшар)

Қазақ орман шаруашылығының басшы қызметкерлері мен мамандарының біліктілігін арттыру институты

ЕСКЕРТУ. Тізбе өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.08.27. N 1259 қаулысымен.

P991259_

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1999 жылғы

25 мамырдағы

N 637 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
Орман, балық және аңшылық шаруашылығы комитетінің
аумақтық органдары ретінде құрылатын мемлекеттік
мекемелер-облыстық өсімдік және жануарлар
дүниесін мемлекеттік бақылау басқармаларының
Тізбесі

Ақмола облыстық өсімдік және жануарлар дүниесін
мемлекеттік бақылау басқармасы

Ақтөбе облыстық өсімдік және жануарлар дүниесін
мемлекеттік бақылау басқармасы

Алматы облыстық өсімдік және жануарлар дүниесін
мемлекеттік бақылау басқармасы

Атырау облыстық өсімдік және жануарлар дүниесін
мемлекеттік бақылау басқармасы

Шығыс Қазақстан облыстық өсімдік және жануарлар дүниесін
мемлекеттік бақылау басқармасы

Жамбыл облыстық өсімдік және жануарлар дүниесін
мемлекеттік бақылау басқармасы

Батыс Қазақстан облыстық өсімдік және жануарлар дүниесін
мемлекеттік бақылау басқармасы

Қарағанды облыстық өсімдік және жануарлар дүниесін
мемлекеттік бақылау басқармасы

Қостанай облыстық өсімдік және жануарлар дүниесін
мемлекеттік бақылау басқармасы

Қызылорда облыстық өсімдік және жануарлар дүниесін
мемлекеттік бақылау басқармасы

Маңғыстау облыстық өсімдік және жануарлар дүниесін
мемлекеттік бақылау басқармасы

Павлодар облыстық өсімдік және жануарлар дүниесін
мемлекеттік бақылау басқармасы

Солтүстік Қазақстан облыстық өсімдік және жануарлар дүниесін
мемлекеттік бақылау басқармасы

Оңтүстік Қазақстан облыстық өсімдік және жануарлар дүниесін
мемлекеттік бақылау басқармасы

Оқығандар:

Орынбекова Д.

Омарбекова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК